



Kaspi Bank  
арқылы жазылу

Облыстық қоғамдық-саяси газет

# МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады



mangystaumedia.kz  
otpannews.kz

№100 (10400) 31 желтоқсан, сейсенбі, 2024 жыл

*Құрметті  
маңғыстаулықтар,  
ардақты жерлестер!*

Жаңа жыл – жақсылық пен жаңарудың жаршысы. Ескі жылды шығарып салып, жаңа жылдың табалдырығын аттар шақта әр шаңырақтың төрінде үміт пен сенімнің оты маздайды. Жаңа жыл – арман мен мақсаттарға қанат бітіп, ізгі ниеттердің орындалуына бастайтын уақыт.

Өткен 2024 жыл Маңғыстау өңірі үшін үлкен жетістіктер мен айтарлықтай өзгерістер жылы болды. Аймақта ауқымды құрылыс жобалары, елеулі және инфрақұрылымдық даму шаралары жүзеге асып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларында тың серпін байқалды. Маңғыстау халқының бірлігі мен еңбегінің арқасында өңіріміз экономикалық тұрғыдан өсіп, өркендеуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмалары негізінде халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылды. Алдағы жылы да осы қарқынды тоқтатпай, өңіріміздің дамуы мен халқымыздың өмір сапасын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар жалғасатын болады.

Құрметті ағайын, өздеріңіз үшін, Отанымыз үшін, туған жеріміз үшін еңбек етіп жүрген әрбір жанға шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында маңғаз Маңғыстауымыз өркендеп келеді.

Жаңа 2025 жылы әр шаңыраққа амандық, табыс, денсаулық пен бақыт тілеймін. Еліміздің ырысы молайып, берекесі арта берсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

**Құрметпен, Нұрдәулет ҚИЛЫБАЙ,  
Маңғыстау облысының әкімі.**

## ТАҒАЙЫНДАУ

Кеше Мұнайлы ауданының әкімі тағайындалды. Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай Мұнайлы аудандық мәслихатының депутаттарына ҚР Президенті Әкімшілігімен келісілген аудан әкімі лауазымына осыған дейін облыс әкімінің орынбасары болған Қанат Құлжановты ұсынды.

Қанат Құлжанов 1979 жылы Жаңаөзен қаласында туған, білімі жоғары. 2001 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы Маңғыстау облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есепке алу орталығының бас маманы лауазымынан бастады.

2002–2007 жылдар аралығында Жаңаөзен, Ақтау қалаларында прокуратура саласында қызмет етті.

2007–2012 жылдары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында Хатшылықтың Бас Прокурорының аға көмекшісі лауазымына дейін көтерілді.



2012–2016 жылдар аралығында Байқоңыр қаласының прокуроры, 2016–2018 жылдары Қызылорда облысы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының басшысы қызметін атқарды.

2018–2019 жылдар аралығында Бас көлік прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының бастығы және Бас көлік прокурорының халықаралық байланыстар жөніндегі аға көмекшісі, Бас прокуратура қоғамдық мүдделерді қорғау департаментінің ұйымдастыру жұмысы басқармасының бастығы лауазымдарын атқарды.

2019–2023 жылдары «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры және бас директордың орынбасары қызметтерін атқарды.

2023 жылдың ақпан айынан бастап осы күнге дейін Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келеді.

## ГАЗЕТ ОҚЫРМАНДАРЫ ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

«Маңғыстау-медиа» серіктестігіне қарасты облыстық, аудандық басылымдарға 1 жылға жазылған оқырмандар арасында ұтыс ойыны мәресіне жетті. Ұтыс ойынына 2025 жылға бір жылға жазылған оқырмандар қатысты.

Мұндай ұтысты оқырмандардың сенімі мен қолдауын жоғары бағалаған басылымдардың ұжымы алғыс білдіру мақсатында ойнатты. Облыстық «Маңғыстау» газеті басылымға 1 жылға жазылған білім саласының мамандарының арасында Түркияға 7 күнге екі адамдық бір жолдама, жалпы оқырмандар арасында Әзірбайжан елінің астанасы Баку қаласына 3 күнге 1 адамға жолдама және еліміздегі шипажайға бір жолдама берді. Сондай-ақ «Огни Мангистау» газеті мен аудандық басылымдар өз оқырмандарына еліміздегі таңдаулы шипажайларға демалыс сыйлады.

Ұтыс ойыны әлеуметтік желіде әділ әрі ашық түрде тікелей эфирде өтті. Сонымен «Маңғыстау» газетіне бір жылға жазылған мұғалімдер арасындағы Түркия еліне 7 күнге екі адамдық жолдама Мұнайлы ауданындағы №11 мектептің мұғалімі Анаргүл Бердіғалиеваға бұйырды. Әзірбайжан елінің астанасы Баку қаласына 3 күнге жолдаманы бейнеулік теміржолшы Дәулетбай Жарылғасынов ұтып алды. Ал шипажайға 7 күнге демалысты Ақшұқыр мектеп-лицейінің мұғалімі Медина Қиса ұтты.

Оқырмандардың жылы лебізі мен қолдауы басылым ұжымын жаңа жетістіктерге жетелейді. «Маңғыстау» газеті мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынын қуана хабарлайды.

Барша жеңімпаздарды құттықтаймыз!



## ҚЫСҚА-НҰСҚА

### ОБЛЫСТА ЕКІ МАҢЫЗДЫ ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ

Биыл Маңғыстау облысында А-36 «Құрық-Жетібай» жолының 23,4 шақырымдық учаскесіне күрделі жөндеу жұмыстары және «МАЭК» су арнасынан Құрық теңіз портына дейінгі 26,9 шақырымдық жолды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

### КАСПИЙ ТЕҢІЗІНДЕ ЖЕР СІЛКІНДІ

30 желтоқсанда түнгі 01:14-те Каспий теңізінде жер сілкіні. Мәлімет бойынша жер сілкінісінің магнитудасы – 4 балл, эпицентрі 46 шақырым тереңдікте орналасқан.

### БИЫЛ ӨНІРДЕ 240 ЕГІЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Биыл Маңғыстау өңірінде 18 343 сәби дүниеге келген. Оның ішінде 240 егіз және 1 үшем сәби жарық дүниеге есігін ашқан.

### АҚТАУДА «ИРАН ҚАЗАҚТАРЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Ақтау қаласында ардагер ұстаз, ағылшын, парсы тілінің маманы, аудармашы, ғалым Нияз Тобыштың «Иран қазақтары» кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта Ирандағы қазақ диаспорасының тарихы, этнографиясы, бүгінгі жағдайы жайлы жан-жақты ақпарат берілген.



Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың Әкімімен, ҚР Президенті Әкімшілігінің келісуімен Түпқараған ауданының әкімі болып Ержан Күмісқалиев тағайындалды.

Ержан Күмісқалиев 1983 жылы туған. Білімі жоғары. 2003 жылы М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2007 жылы Жаңаөзен қаласында мұғалім болып бастаған.

2007–2008 жылдар аралығында Жаңаөзен қаласының №3 орта мектебі директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болды.

2008–2016 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маман-заңгері және әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы, басқарманың әкімшілік бөлімінің басшысы, басқарма басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

2016–2019 жылдары Қарақия ауданы әкімінің орынбасары болды.

2019–2021 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы лауазымын атқарды.

2021–2022 жылдары Мұнайлы ауданы әкімінің орынбасары лауазымында жұмыс істеді.

2022 жылдың сәуір айынан бастап осы күнге дейін Мұнайлы ауданы әкімі қызметін атқарды.